

## Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламентіне толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының 2006 жылғы 17 қаңтардағы N 276-III Қаулысы

"Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 2-тармағына және Парламент Сенаты Регламентінің 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламенті мынадай мазмұндағы 81-1, 81-2 және 81-3-тармақтармен толықтырылсын:

### **"Әлеуметтік-экономикалық блок министрлері қызметтеріне кандидатураларды алдын ала талқылау**

81-1. Премьер-Министрдің әлеуметтік-экономикалық блок министрінің кандидатурасы жөніндегі ұсынымын Сенаттың тиісті бейіндік комитеті өзінің отырысында қарайды.

81-2. Әлеуметтік-экономикалық блок министрі қызметіне кандидатура жөніндегі ұсыным Парламент Сенатына жазбаша нысанда енгізіледі.

81-3. Мәселені комитет отырысында қараған кезде кандидатураны қызметке Премьер-Министр немесе ол уәкілдік берген лауазымды адам ұсынады.

Ұсынылған кандидатура жөнінде комитеттің қорытындысы қабылданады, ол Премьер-Министрге жіберіледі."

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П а р л а м е н т і                      С е н а т ы н ы ң*

*Төрағасы*